

"Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 тамыз N 675. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.27. N 1598 қаулысымен.

"Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 маусымдағы N 1251 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясының (бұдан былай - Компания) Қазақстан Республикасының Көлік құрылышы министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде құрылғаны және оған республиканың көлік-жол және көпір құрылышы жөніндегі қажетін қамтамасыз ету, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары желісін дамыту мен жетілдіру, оның ішінде оларды жөндеу мен күтіп ұсташа жөніндегі жұмысты үйлестіру, жол қоры қаражатын жинау мен оны тиімді пайдалану және жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары мен бұлардағы ғимараттар бойынша тапсырысшы функциясын орындау жүктелгендейді еске алынсын.

2. Компанияға жүктелген функцияны жүзеге асыру үшін оны ұсташа көздері - автомобиль жолдары өндірістік басқармалары бойынша белгіленген нормативтер шегінде ұстеме шығындар сомасынан аударылатын төлемдер делдалдық, коммерциялық және қолданылып жүрген заңға қайшы келмейтін, бюджеттік қарым-қатынастарды өзгертуестен, басқа қызмет түрлеріне түсетін кірістер анықталсын.

3. Компанияға:

республиканың жол шаруашылығын дамыту мақсатында қажетті материалдық ресурстарды, жол құрылышы техникасы мен көлік қуралдарын сатып алу үшін шарт жасасуға және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 19 наурыздағы N 260 қаулысымен (Қазақстан Республикасы ПУАЖ, 1992 ж., N 12, 201-бап) бекітілген республикалық жол қорының қаражатын пайдалану жөніндегі қолданылып жүрген ережеге жол қоры қаражаты есебінен орталықтандырылған төлем жасауды жүргізуге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша мемлекетаралық

автотасымал үшін пайдаланылатын жолдарды дамыту жөнінде үкіметаралық келісімдер жасасуға құқық берілсін.

4. Республикалық "Казконтракт" корпорациясы Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясын жол қоры есебінен қаржыландырылатын материалдық-техникалық ресурстармен, жол құрылышы техникасымен, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау үшін қажетті жабдықтармен және көлік құралдарымен қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне қажет болған жағдайда Мемлекеттік акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясына кіретін акционерлік қоғамдарда "алтын акция" енгізу және "алтын акцияның" өкілдік құқығы жөнінде контрактылар жасау тапсырылсын.

"Қазақстан жолдары" компаниясы Компанияға кіретін акционерлік қоғамдардың "алтын акциясын" ұстаушы-органы болып табылады деп белгіленсін.

6. Салалық министрліктің жоқтығын ескеріп және Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 маусымдағы N 1251 Жарлығымен Компанияға мемлекеттік қажеттілікті қамтамасыз ету функциясының жүктелуіне байланысты, салалық министрліктің Байқаушы кеңесіндегі өкілеттік квотасы Компания президентіне берілсін.

7. Компания үшін "Березка" және "Ившка" мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, селден қорғау шараларына, жұмылдыруышылық өзірлік пен азаматтық қорғаныс шараларына республикалық бюджеттен қаржы бөлу сақталсын

8. Компания үшін Қазақстан Республикасының бұрынғы Көлік құрылышы министрлігінің тиісті лауазым санаттарына қолданылып жүрген әлеуметтік-тұрмыстық қамту және медициналық қызмет көрсету жағдайлары шарт жасасу негізінде сақталсын.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Мемлекеттік

акционерлік "Қазақстан жолдары" компаниясымен бірлесіп, Үкіметтің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзім ішінде ұсыныстар енгізсін.

10. Министрліктер мен ведомстволар екі ай мерзім ішінде ведомстволық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

11. Мыналардың:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы

15 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Көлік құрылышы министрлігінің мәселелері" атты N 339 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж., N 16, 252-бет);

Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 9 желтоқсандағы "Транспорт құрылышы жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Трансқұрылыш" концерні туралы" N 771 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК